

Ә. НҰРШАЙЫҚОВТЫҢ «МАХАББАТ ҚЫЗЫҚ МОЛ ЖЫЛДАР» РОМАНЫНА ЖИІЛІК СӨЗДІК ҚҰРАСТЫРУДЫҢ АЛҒАШҚЫ ҚАДАМЫ

Әбдірахманова Бұлбұл, ҚазҰУ-нің 4 курс студенті
abbass@mail.ru

Аннотация: Мақалада тіл білімінің қолданбалы бағыты бойынша зерттеулер, ондағы қазақ тіл біліміндегі сандық, сапалық талдаулар жайы айтылған. Отандық ғалымдардың жиілік сөздің құрудағы әдістеріне сүйене отырып, Ә. Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романы бойынша зерттеу жұмыстарының барысы мен ондағы компьютерлік бағдарламаларды қолданылуы туралы шолу жасаған.

Аннотация: В статье рассматривается прикладное исследование в языкознании, а также количественные и качественные анализы в казахском языкознании. Опираясь на методы отечественных ученых по составлению частотного словаря, автор делает обзор на ход исследования по роману А. Нуршайыкова «Махаббат қызық мол жылдар» и использования компьютерных программ в ней.

Summary: In the article applied research in linguistics, and also quantitative and qualitative analyses in Kazakh linguistics are considered. Relying on the methods of domestic scientists of drawing up the frequency dictionary, the author reviews on a course of research works devoted to A. Nurshayukov's novel "Махаббат қызық мол жылдар" and the use of computer programs in it.

Кілт сөздер: жиілік сөз, статистикалық талдау, тілдік бірлік, лексикография, компьютерлік бағдарламалар.

Ключевые слова: частотный словарь, статистическое исследование, языковые единицы, лексикография, компьютерные программы.

Keywords: chastotsny dictionary, statistical research, language units, lexicography, computer programs.

Қазіргі таңда қазақ тіл ғылымының зерттелуінің өзектілігі күннен күнге артып, оны зерттеуші ғалымдардың жан-жақты ізденуіне мүмкіндік те, қажеттілік те арта түсуде. Қоғамы мен экономикасы бар және дамыған қай мемлекет болмасын техниканың көмегімен түрлі жаңалық ашып, жан-жақты дамуына үлес қосары сөзсіз. Қазақ тіл білімінің қолданбалы бағыты ХХ ғасырдан бастау алып, алғаш отандық бір топ ғалымдардың көмегімен: Бектаев Қ.Б., Жұбанов А.Қ., Мырзабеков С. Белботаев А.Б. «М.О.Әуезовтің 20 томдық шығармалар мәтіндерінің жиілік сөздіктері» жарық көрді. Сөздердің қолданылу жиілігі көрсетілген: *сөздік алфавитті-жиілік, жиілік және кері-алфавитті жиілік сөздік* деп аталатын үш бөлімнен тұрады. Жиілік сөздікті құрастыруда ғалымдарымыздың атқарған еңбегі былай тұрсын, арнайы техниканың кемшілігіне орай көп жұмысты уақыт үнемдеп орындау мүмкін болмады. Десе де, осы жиілік сөздік бүгінгі таңда да тіл ғылымы үшін өте құнды және құндылығын жоймақ емес.

Өзге мемлекеттерде, әсіресе Ресей елінде тіл білімінің қолданбалы бағыты бойынша практикалық та, теориялық бағыты дамыған, әрі түрлі салалары және оны зерттеуші ғалымдары мен еңбектері де сансыз. Қазіргі

таңда Ресей ғалымдары О. Н. Ляшевская, С. А. Шаровтың Орыс ұлттық корпусы негізінде 2009 жылы электронды нұсқасы шыққан скздігін атап өтуге болады,

Ал қазіргі таңда қазақ тіл білімінің қолданбалы бағыты қай жағынан болмасын кеңінен дамып, дамыған үстіне даму барысында десек артық айтқанымыз емес. Мысал ретінде негізі қаланған, біршама атқарған еңбектерімен А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының жанындағы «Қолданбалы лингвистика» бөлімін атап өтуге болады.

Тіл білімінің қолданбалы бағыты бойынша зерттеу жүргізу барысының алғашқы қадамы сауалнама жүргізуден басталған. Алдымен 18-22 жастағы студент жастардан *қай жазушының, қандай шығармасын оқыдыңыз және ұнаған шығармаңызды атаңыз* және т.б. сұрақтардан тұратын 100 сауалнама алынды. Солардың ішінде ең жиі оқылған шығарма Ә. Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романы болды. Осы нәтиже қорытындысына сүйене отырып жиілік сөздік құрастырудың алғашқы қадамы қазақ тіліндегі көптеген мәліметтерге сүйеніп, компьютерлік бағдарламалармен танысу мүмкіндігі туып отыр. Бұл біздің зерттеу жұмысымыз үшін біршама нәтижеге қол жеткізуге мүмкіндік берері анық.

Тіл біліміне статистикалық зерттеу жүргізуде үш мәселенің басын ашып алған жөн:

1. Тілдің қай бірлігін, нені санау (есептеу) керек?
2. Таңдалынып алынған бірліктерді неге санау (есептеу) керек?
3. Тілдік бірліктерді қалай санау (есептеу) керек?

Зерттеушінің: «*нені?*» «*неге?*», «*қалай?*» деген үш сұраққа жаубы қай кезде болмасын дайын болған жөн.

Статистикалық зерттеу кезінде нақты мәтінді сөйлеу ақиқаттығына белгілі дәрежеде сәйкес келеді деп ұйғару негізінде оның үлгісі зерттеу нысаны ретінде алынады. Әрине, бұл жағдайда мәтін қасиеттері арнайы кеңейтіліп қарастырылады және мәтін үлгісі бір - біріне тәуелсіз дискретті бірліктердің тізбегі ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда біздің қарастырылғалы отырған мәселеміз – жиілік сөздердің алатын орны ерекше.

Жиілік сөздік — белгілі бір мәтін көлеміндегі немесе магнитті мәтінде таспа жазбасының бір үзегіндегі, сол сияқты нақты бір көлемде жинақталған анкеталық анықтамалардағы сөздердің не оның тұлғаларының (сөз тұлғалардың), не сөз тіркестерінің, сондай-ақ грамматикалық тұлғалардың, буындардың, дыбыс таңбалары мен оның тіркестерінің қолдану жиілігі көрсетіліп берілген тізбесі [1, 209]. Өзіндік құрылысына қарай, ондағы тілдік материалдардың орналасуына қарай жиілік сөздік: *әліпбилі - жиілік сөздік; жиілік сөздік; кері әліпби - жиілік сөздік; сөзнұсқағыш әліпби жиілік сөздік (сирек құрастырылатын жиілік сөздіктің түрі)* болып үш түрге бөлінеді. Олардың әрқайсысының өзіне тән мазмұны мен өзіндік мақсат-міндеті бар.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, Ә.Нұршайықовтың «Махаббат қызық мол жылдар» романының жиілік сөздігін құруды және мұнда заманауи техниканың көмегіне сүйенудің тиімділігін анықтауда, осы

романның бір тарауы емес, 12 жолдан тұратын тараушасына *SPSS, GLAN* компьютерлік бағдарламаларының көмегімен жүргізген зерттеуіміз келесі нәтиже берді: **жалпы сөздік қолданысы** – 107; *есім сөз* - 10; *зат есім* – 43; *сан есім* - 5; *сын есім* – 7; *етістік* – 7; *етіс* – 18; *шылау* – 8; *үстеу* – 6; *қыст.сөз* – 3.

Бұл жеке автордың сөздік қолданысының ерекшеліктеріне байланысты болуымен және жазушы шығармасының тілін жан-жақты зерттеуде, сондай-ақ мұндай зерттулер сөз байлығын, сөз қолдану тәсілін, стильдік ерекшеліктеріне сандық сипаттама беретін ғылыми маңызы бар зерттеу болып табылмақ.

Тіл білімінің ұолданбалы бағытында жиілік сөздіктер шартты түрде көлемі мен мазмұнына қарай: салалы жиілік сөздіктер және белгілі бір тілдің толық жиілік сөздігі деп екі үлкен топқа бөлінеді. Мұнда сапалы жиілік сөздіктер көлемі жағынан да, мазмұндық сипаты жағынан да белгілі бір тілдің толық жиілік сөздіктен кіші болып келеді. Қазақ лексикографиясында жиілік сөздік атауы 60-жылдардың ортасынан бастап қолданыла бастады. Бүгінге дейінгі қазақ тілі білімінде қазақ мәтіндерінен түзілген оннан аса жиілік сөздік жарық көрді. Олардың бәрі де салалы жиілік сөздік түріне жатады. Ал, Ә.Нұршайықовтың «*Махаббат қызық мол жылдар*» романындағы сөздердің толық жиілік сөздігін жасау - алдағы іс.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 ж., 509 бет
2. А.Қ.Жұбанов Қолданбалы лингвистика: қазақ тілінің статистикасы: Оқу құралы.- Алматы «Қазақ университеті»2004 ж. - 209 бет.